



**«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
НАО «УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ ШАКАРИМА ГОРОДА СЕМЕЙ»**

**«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ
УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ
АР-ҰЖДАН КОДЕКСІ**



«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

БЕКІТЕМІН

Басқарма Төрағасы-ректор
Б. Ердембеков

« 03 » 2023ж.




**«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ
УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ
АР-ҰЖДАН КОДЕКСІ**

Семей
2023


ӘЗІРЛЕНДІ

Сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне қарсы іс-қимыл
жөніндегі әдеп уәкілі


 "24.02" 2023 ж. Н.Газизова

КЕЛІСІЛДІ


Басқарма мүшесі - әлеуметтік
және тәрбие жұмысы жөніндегі
проректор

 "24.02" 2023 ж. М. Карибаев


Басқарма мүшесі - академиялық
мәселелер жөніндегі проректор

 "24.02" 2023 ж. И.Оралканова

Басқарма мүшесі - ғылым және
инновация жөніндегі проректор

 "24.02" 2023 ж. Ж.Қалибекқызы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызметінің
комплаенс-офицері

 "24.02" 2023 ж. С.Турдин

Преамбула

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ білім алушылары:

университеттің ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген білікті маман мен кемел тұлғаны қалыптастыру миссиясын жүзеге асырудағы өз жауапкершілігін сезіне отырып, Шәкәрімнің Ар іліміне сүйене отырып, университеттің өсіп өркендеуіне үлес қоса отырып, білім алушылармен, қызметкерлермен және жоғары оқу орнының әкімдігі арасында шынайы демократиялық қарым-қатынастар жүйесін қалыптастыруға ұмтыла отырып, Ар-ұждан кодексін қабылдайды және оны қалтқысыз орындауға міндеттенеді.

Білім алушылар міндетті:

- ❖ Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Университет Жарғысын, Академиялық саясатын, ішкі тәртіп ережелерін, жатақханада тұру ережелерін (жатақханада тұрған жағдайда) және университеттің оқу-тәрбие үрдісіне қатысты басқа да нормативтік актілерін білуге және сақтауға;
- ❖ Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін, Қазақстанның ұлттық мәдениетін, тарихын білу және құрметтеу, университеттің дәстүрлерін сақтауға;
- ❖ шығу тегі мен ұлтына, әлеуметтік мәртебесіне, физиологиялық ерекшеліктеріне, дүниетанымдық көзқарастарына қарамастан кез келген адамға құрметпен қарауға;
- ❖ Шәкәрім университетінің білім алушылары өзінің оқу міндеттерін қатаң орындауға, төмендегідей академиялық адалдық принциптерін бұзбауға:
 - *плагиат;*
 - *алдау;*
 - *шпаргалка пайдалану, білімді бақылаудың барлық деңгейлері мен түрлерінен өту барысында көшіру және біреуден сұрау;*
 - *білімді бақылау процедурасынан бөтен тұлғаның атынан өту;*
 - *жоғары баға алу үшін туысқандық немесе қызметтік байланыстарын пайдалану;*
 - *пара беру;*
 - *оқытушыны алдау және оны сыйламау;*
 - *сабақтарды жіберу және кешігу, оқу сабақтарына немесе олардың бір бөлігіне белгісіз себептермен қатыспау;*
- ❖ ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді қатысуға;
- ❖ бақылау тапсырмаларын (аралық, межелік бақылау) белгіленген мерзімде орындауға;
- ❖ басқа білім алушылармен, оқытушылармен және әкімшілікпен қарым-қатынаста сыпайылық, әдептілік және ықыластылық танытуға;
- ❖ университет мүлкіне ұқыпты қарауға және оның аумағында вандализм жасамауға;

- ❖ айналасындағыларға қауіп төндіретін заттарды әкелмеуге;
- ❖ салауатты өмір салтын ұстануға, өзінің мәдени, адамгершілік және физикалық деңгейін арттыруға ұмтылу, университеттің қоғамдық-мәдени, ғылыми және спорттық өміріне белсенді қатысуға;
- ❖ университет ішінде және одан тыс жерлерде де құқықтық ережелерге қарсы іс- әрекеттерге жол бермеуге;
- ❖ тәртіп бұзуға бағытталған ақпараттың таратылуына жол бермеуіне, сондай-ақ заңмен рұқсат етілмеген жиналыстарға, демонстрацияларға, митингілерге, ереуілдерге, акцияларға және шерулерге қатыспауға;
- ❖ университет мүддесіне қайшы келетін, университет имиджі мен беделіне нұқсан келтіретін қандай да бір әрекетке бармауға;
- ❖ эстетикалық талапқа сай киінуге;
- ❖ оқу корпусында сабақтарға кедергі келтіретіндей қатты сөйлемеуге және шу көтермеуге;
- ❖ дәрісхана, асхана, кітапхана т.б.қоғамдық орындарда сырт киіммен жүрмеуге, сағыз шайнамауға, ұялы телефонмен сөйлеспеуге, жеке бас сезімдері мен өзге де құлшыныстарды көпшілік алдында көрсетпеуге;
- ❖ ынсапты, мейірімді, әділетті, тату болуға.

Білім алушылар құқылы:

- оқытушылардың сабақ өту сапасы мен тәсілдері туралы өз пікірлерін, сонымен қатар оларды жетілдіру бойынша ұсыныстарын ашық айтуға;
- жалпы ұйымдастырушылық мәселелер мен оқу процесіне қатысты өз пікірін айтуға, осы Кодекстің ережелерін бұзуға байланысты жағдайларды талдауға қатысуға;
- аталған Кодекс ережелерінің бұзылуын анықтаған сәтте оны өз күшімен түзетуге, ал мұндай әрекет мүмкін болмаған жағдайда бұл келеңсіздіктер туралы өзін-өзі басқару ұйымдарына немесе университет әкімшілігіне хабарлауға;
- қызығушылығына байланысты студенттік ұйымдарға тіркелуге;
- заңмен шектелмеген жобаларды ұсынуға және жүзеге асыруға.

«Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек, таза жүрек, тату дос - өмірінде өкіндірмес қасиеттер осылар».

/ Шәкәрім /

Ар-ұждан кодексінде белгіленген талаптарды орындамаған жағдайда білім алушыға қолданылатын жаза түрлері:

- *Ауызша ескерту.*
- *Тапсырмаға қойылған бағаны жою.*
- *Бағаланатын тапсырмаларға, оның ішінде дипломдық және диссертациялық жұмыстарды қорғауға жібермеу.*
- *Университеттен шығару.*

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ білім алушыларының «Ар-ұждан» кодексі аталған нормативті-құқықтық актілерді негізге ала отырып құрастырылды:

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
- Университеттің ішкі нормативтік құжаттары.
- Мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақстан Республикасының Заңы.